



Қош

келдіңіздер

СЫНЫП АТМОСФЕРАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

/3 МИНУТ/

ОҚУШЫЛАРДЫ ТОПҚА БӨЛУ



**Көтеріңкі көңілменен
Шаттанайық бәріміз
Көңілді етіп сабақты да
Өткізейік қане біз!**




**Айтсаң - ұмытып
қаламын,
Көрсетсең – есімде
сақтаймын,
Өзіме істетсең -
үйренемін.**



Жұмбақ

**Өзім сөзден тұрамын,
Аяқтаған ойды құрамын.**



A scroll of parchment with text. The scroll is unrolled, showing a light beige, textured surface. The text is written in a bold, serif font. The top and bottom edges of the scroll are slightly frayed. The scroll is held together by four metal rings, one in each corner.

Сабақтың тақырыбы:

**“Тұрлаусыз
мүшелерден
өткенді
қайталау”**



Мақсатымыз:

**Тұрлаусыз мүшелерден өткен
тілдік теориялық материалды
қайталай отырып, ауызша,
жазбаша талдау жұмыстарын
жүргізу арқылы алған
білімдерін бекіту.**



I. Топтық жұмыс:

9 МИНУТ



Анықтауыш, анықтауыштың ережесі, сұрақтары, байланысу түрі, құрылысына қарай түрлері, қандай сөз табынан болатындығы туралы;



**Толықтауыш, толықтауыштың
ережесі, негізгі белгілері,
сұрақтары, байланысу түрі,
құрылысына қарай, мағынасына
қарай түрлері, қандай сөз
табынан болатындығы туралы;**



**Пысықтауыш, пысықтауыштың
ережесі, сұрақтары, байланысу
түрі, құрылысына қарай түрлері,
мағыналық түрлері ,
қандай сөз табынан
болатындығы туралы;**



II. Топтық тапсырма:

3 МИНУТ

Қима қағаздардың артқы бөліктеріндегі сөздерден сөйлем құрастыру. Сол сөйлемді сөйлем мүшесіне талдау




ІІІ. КІМ ТАПҚЫР?

/3 МИНУТ/

**ӘР ТОП БІР- БІРІНЕ
ТАПСЫРМА ҰСЫНАДЫ**

IV. СИҚЫРЛЫ ТАЯҚША 4 МИНУТ



ТОЛЫҚТАУЫШТЫҢ ОРЫСША АТАУЫ



8

X

9

=





**САН ЕСІМ ҚАНДАЙ
СӨЙЛЕМ МҮШЕСІНІҢ
ҚЫЗМЕТІН АТҚАРАДЫ?**



ҚАНСОНАРДА БҮРКІТШІ ШЫҒАДЫ АҢҒА,
ТАСТАН ТҮЛКІ ТАБЫЛАР АҢДЫҒАНҒА.
ЖАҚСЫ АТ ПЕН ТАТУ ЖОЛДАС –БІР ҒАНИБЕТ,
ЫҢҒАЙЛЫ ЫҚШАМ КИІМ АҢШЫ АДАМҒА

**ҚАЙ АҚЫННЫҢ ӨЛЕҢІ?
ӨЛЕҢНЕН АНЫҚТАУЫШТЫ ТАБЫҢЫЗ.**





СЫЙЛЫҚ



Ү.Қолжетімді тапсырма:

- ◆ Қазақтың ұлттық аспабы домбыра туралы не білесіңдер?
- ◆ Киіз үйдің қандай бөлшектерін білесіңдер?
“Киіз үй” сөзіне дыбыстық талдау жасандар.
- ◆ Домбыраның сырлы сазына ауызданбаған бала уызына жарымаған көтерем қозыдай болады./
Сөйлем мүшесіне талдаңдар/

Домбыра- қазақтың қасиетті дүниесі. Оны тарта алмасаң да, қадірлей біл. Себебі, баланың бойына халықтың рухани байлығын сіңіру домбырадан басталады. Домбыраның сырлы сазына ауызданбаған бала уызына жарымаған көтерем қозыдай болады. Домбыраны қастерлей білмеген қазақтың баласы туған халықтың жанын білмейді. Ал халықтың жанын түсінбеу деген тамыры шабылған ағашпен тең. Ондай ағаш жапырақ жайып сая да болмайды, жеміс те бермейді.

Б.Момышұлы.



ҮІ.«Иә , жоқ» тапсырмасы

/3 минут/



ҮІІ.Топтық тапсырма:

«Адастырмақ» ойыны /3 минут/

1. ~ — = .

2. — - . - . - . = .

3. ~ — - . - . - . = .

ҮІІІ. Білімiңдi тексер. /4 минут/

1. Тура толықтауыштың сұрағын белгілеңіз.

А) Кімнің? Ненің? В) Кімді? Нені? С) Кіммен? Немен? Д) Қанша? Неше?

2. Жанама толықтауыштың сұрағын белгілеңіз.

А) Қандай? В) Қанша? С) Кімді? Д) Кіммен?

3. Анықтауыштың сұрағын белгілеңіз.

А) Қалай? В) Нені? С) Кімнен? Д) Қандай?

4. Мезгіл пысықтауыштың сұрағын белгілеңіз.

А) Қайда? В) Қашан? С) Не себепті? Д) Не үшін?

5. Мекен пысықтауыштың сұрағын белгілеңіз.

А) Қандай? В) Қай? С) Қайда? Д) Не үшін?

6. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшесін көрсетіңіз.

А) Анықтауыш. В) Бастауыш. С) Баяндауыш. Д) Етістік.

7. Кімнің? сұрағына жауап беретін тұрлаусыз мүшені көрсетіңіз.

А) Анықтауыш В) Толықтауыш С) Пысықтауыш Д) Бастауыш

8. Қайдан? сұрағына жауап беретін пысықтауыш түрін анықтаңыз.

А) Дара. В) Күрделі. С) Мақсат. Д) Мекен.

9. Кімге? сұрағына жауап беретін тұрлаусыз мүшені көрсетіңіз.

А) Пысықтауыш В) Бастауыш С) Анықтауыш Д) Толықтауыш

Көршiңдi тексер!

1.В

2.Д

3.Д

4.В

5.С

6.А

7.А

8.Д

9.Д

Бағалау өлшемдері:

«5» -8-9


«4» -7-6

«3» -5-3


«2» -2-0

Үй тапсырмасы:

Сөйлем мүшелері туралы
қайталап оқу. 3 сөйлем
алып, сөйлем мүшесіне
талдап келу.



Бағалау



Жиынтық бағалаудың өлшемдері:

6-5 - «5»

4-3- «4»

2- «3»



Екі жұлдыз, бір тілек



Бір тамшы ой

Қанша білсең, ізден тағы, тағы да,
Білікті адам жетер тілек бағына.

Біле бер, қанша білсең де тағы
біл,

Жетерсің мақсатыңа біле, біле!

*Ж.
Баласағұн.*

